

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

**«ТЕХНОТРОНДЫ АРХИВТЕР» ПӘНІ БОЙЫНША ЕМТИХАН
СҰРАҚТАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«6В03208 – САНДЫҚ АРХИВТАНУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАНУ» БІЛІМ
БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Дайындаған:
Т.ғ.к., доцент
Алпысбаева Нұрзипа Көмешбайқызы**

АЛМАТЫ, 2024

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Қорытынды бақылауды (емтиханды) өткізу форматы:

АЖ Univer жүйесі

/Стандартты/ Жазбаша(офлайн).

Емтихан өткізу технологиясы бойынша нұсқаулық:

Емтихан студенттер мен оқытушыларға алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

Емтиханның ұзақтығы дәл 3 сағатты құрайды.

Білім алушы міндетті:

1. Емтихан басталмас жеке басын куәландыратын құжаттыкөрсету. Жеке куәлік болуі қажет.

Жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда білімалушы емтиханға жіберілмейді! Жалған тұлға анықталған кезде тәртіптік жауаптылыққа жалған тұлға да, білім алушының әзі де тартылады;

2. Әрбір емтихан сұрағына жауап нақты, анық болуы тиіс.Тыйым салынады:

1. Емтихан кезінде рұқсат етілмеген қосалқы материалдар мен құралдарды (шпаргалкалар, ұялы телефондар (қосылған немесе ажыратылған), смарт-сағатты, өзге де электрондық құрылғыларды және т. б.) алып жүруге;

2. Шу, сөйлесу, орнынан тұру;

б. Кітаптарды, жобаларды, калькуляторларды тиісті рұқсат қағазынсыз пайдалануға.

КІРІСПЕ

"Технотронды архивтер" курсы 6B03208 – Сандық архивтану және құжаттану БББ бойынша студенттеріне арналған негізгі мамандану пәндерінің бірі.

ҚР кинофото және дыбыс мұрағаты мұрағаттық мекемелер жүйесінде маңызды орын алып, әлеуметтік ақпаратты тарату және сақталу құралы ретінде пайдаланады. Ғылымның тез даму жағдайында Технотронды және ғылыми-техникалық құжаттардың маңызы өте зор, қоғамдағы саяси, экономикалық, мәдени-ғылыми процестердің нәтижесі болып табылады.

"Технотронды архивтер" курсының қажеттілігі төменгі факторлармен туындалады:

- Студенттерге құжаттардың мәні, әлеуметтік саладағы ролі, сондай-ақ оларды құрастыру, өңдеу, сақтау және пайдаланумен байланысты процестер туралы түсінік беру қажеттілігімен;
- Құжаттармен қамтамасыз ету жұмысының негізгі түрлерімен, оларды ұйымдастыру барысын таныстырумен;
- Болашақ мамандықтың өзгешелігін ескере отырып, студенттерді құжаттық байланысқа үйрету және теориялық ілімдерін тәжірибелік қызметте барынша пайдаланумен байланысты.

Курстың мақсаты – ҚР кинофото және дыбыс мұрағаты - Технотронды құжаттық материалдарының тарихын ашу, ғылыми және техниканың әр саласындағы құжаттама әдістерін ашу, Технотронды мұрағаттарына байланысты мұрағат ісінің теориясы мен тәжірибе мәселелерін ашып көрсету.

Курстың негізгі міндеттері:

- Студенттерді Технотронды мұрағат саласындағы нормативтік-әдістемелік құжаттармен таныстыру ;
- Меншіктің барлық нысандағы мекемелердің қызметі нәтижесінде қалыптастырып әр түрлі құжаттарды құрастыру және рәсімдеу;
- Мұрағатты жинақтау деректерін, ерекшеліктерін, ғылыми-тәжірибемен құндылығының сараптауын, құжаттарды сақтау мерзімі мен пайдалану, ғылыми анықтамалық аппараттың ерекшеліктерін көрсету.

Курсты оқытудың нәтижесінде студенттер мынандай ілімдерді игеру тиіс:

- Аудиовизуалды құжаттар бойынша ұғымдарды, негізгі нормативтік-әдістемелік құжаттарды;
- құжаттардың құрамы мен құрылысымен, құжаттау әдіс-тәсілдерін, құжаттама жүйелерінің қалыптасуын және олардың дамуының негізгі кезеңдерін;
- құжаттардың алғашқы және күрделі жиынтықтарының қалыптасуын, құжаттардың құндылығын айқындау қағидаларын, олардың нысаны мен мазмұнын зерттеу әдістерін, Қазақстанның мемлекеттік мұрағаттарының жүйесін.

Істей білуі тиіс:

- Технотронды құжаттар бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттарды іс жүзінде қолдануы;

- Технотронды мұрағаттардың жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру;
- ғылыми-анықтамалық аппаратын, сараптау жүргізудің, жүйелеу, құжаттарды есепке алу тәсілдерін меңгеру.

Пәнді оқытуға мүмкіндік берген бұрынғы пәндер: Қазақстан тарихы, мұрағаттану, құжаттану, іс жүргізу тарихы, деректану және т.б. пәндермен.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Технотронды құжаттарды зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері

Технотронды құжаттардың қалыптасу және даму тарихы
ҚР Орталық мемлекеттік кинофото және дыбыс архивінің қалыптасуы мен дамуы. ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми – техникалық құжаттар архивінің қалыптасуы. Архивтер құжаттарының құрамы мен мазмұны. Электронды архивтердің дамуы.

Архивтерді технотронды құжаттармен толықтыру

ҚР Орталық мемлекеттік кинофото және дыбыс архивінің толықтыру мәселесі. ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми – техникалық құжаттар архивін құжаттармен толықтыру. Толықтыру көздерін анықтау. Толықтырудың нормативтік-құқықтық негізі. Ұйымдар архивін электронды құжаттармен толықтыру.

Технотронды құжаттарды жіктеу

Технотронды құжаттардың түрлері. Аудиовизуалды құжаттардың жіктеу белгілері. Аудиовизуалды құжаттардың жүйесінің негізгі белгілері. Ғылыми-техникалық құжаттардың түрлері мен құрамы.

Технотронды құжаттарды сараптау

Технотронды құжаттардың ғылыми және тәжірибелік құндылығын сараптау ерекшеліктері, жалпы мәселелері, қағидалары және баға белгілері (критериялары). Сараптау кезеңдері және оның негізгі қағидалары: а) фотоқұжаттарды сараптау; б) киноқұжаттарды сараптау; в) фоноқұжаттарды сараптау. Технотронды және ғылыми-техникалық құжаттарды іріктеу белгілері. Сараптау жұмыстарын ұйымдастыру.

Технотронды құжаттарды сақтау.

Аудиовизуалды құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету шаралары. Ғылыми-техникалық құжаттарды сақтау әдістері. Электронды құжаттар сақтау. Технотронды құжаттарды қайта қалпына келтіру. Технотронды құжаттарды сандау.

Технотронды құжаттарды пайдалану.

Технотронды құжаттардың ғылыми-анықтамалық аппаратының құрамы, ерекшеліктері, міндеттері. Технотронды құжаттар және мемлекеттік мұрағаттардың каталогтары. Технотронды құжаттардың сипаттау ерекшеліктері. Аудиовизуалды құжаттарды жариялау. Ғылыми-техникалық құжаттарды жариялау. Электронды форматтағы құжаттарды жариялау ерекшеліктері.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі:

1. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-І Заңы (2015.24.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) . Закон Республики Казахстан от 22 декабря 1998 года № 326-І «О национальном архивном фонде и архивах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015 г.). – Алматы: LEM, 2016. – 36 б.
2. Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 235 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033338>
3. Алимгазинов К. Современные технотронные источники: информационный анализ исторических гипертекстов. Монография. – Алматы: «Изд-во Елтаным», 2014. – 348 с
4. Нурпеисова Б.Е. Архивы научно-технической документации: учеб.-метод. пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 96 с.
5. Сексенбаева Г.А. Аудиовизуальные документы: источниковедческий и архивоведческий аспекты. Монография – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 270 с.
6. Юмашева Ю.Ю. Цифровая трансформация аудиовизуальных архивов.- Москва, Берлин: Директ-Медиа, 2020- 600 с.
7. Шефер, Е. А. Цифровая обработка изображений : учебное пособие / Е. А. Шефер. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский государственный университет промышленных технологий и дизайна, 2019. – 100 с. // IPRbooks : электроннобиблиотечная система. – URL: <http://www.iprbookshop.ru/102493.html> (дата обращения: 26.04.2021). – Режим доступа: по подписке

Қосымша:

1. Государственный учет и обеспечение сохранности архивных документов: справочник по архивной работе / сост. Алпысбаева Н.К., Бекишева Г. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 116 с
2. Оцифровка архивных документов: методические рекомендации / сост.: Н. Алпысбаева, Б. Шайлазымов, – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 68 с.